

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

1. Қоғамдық қатынас саласының атауы ветеринария.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы «Есіл ауданының Ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКҚ.
3. Қоғамдық қатынастардың жеке саласында жұмыс істейтін адамдардың (іс-әрекет) мінез-құлық қағидалары

3.1 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде «Есіл ауданының Ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКҚ

кызметкерлері:

- 1) заңдылық, әдептілік қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасында, лауазымдық өкілеттіктерін орындау барысында алынған, азаматтардың жеке өмірін, намысын мен арына қатысты мәліметтерді жарияламауға және олардан осындай ақпарат беруді талап етпеуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды олардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;
- 3.1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік міндеттерін орындау нәтижесінде алынған және коммерциялық, салық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын ақпаратты жарияламауға және (немесе) таратпауға;
- 4) тікелей басшысы немесе оның ұйымын басшылығын туындаған мүдделер қатынасы немесе оның туындау мүмкіндігі тұрады болған бұл жөнінде белгілі болған сәтте жазбаша хабарлар етуге;
- 4.1) мүдделер қатынасы болдырмау және реттеу жөнінде тиісті шаралар қолдануға;

5) белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары тураы басшылыққа және (немесе) құқық қорғау органдарына дереу мәлімдеуге;

6) қызметтік әрекетін жүзеге асыру кезінде қызмет бабын теріс пайдалануға, төрешілік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне, сондай-ақ дөрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеуге;

7) өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін жеке мүлкілік және мүлкілік емес пайда алу үшін пайдаланбауға;

8) мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, жерлікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

9) жоғары қасиеті үшін қажетті күш-жігерін салуға, қойылған міндеттерді шешудің онтайлы да үнемді және өзге де құзыреттік әдістерін қолдануға;

10) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

3.2. өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді қабылдау және қабылдау кезінде «Бсіл аядаанының Бетеринарылық станциясы» ШЖҚ МҚК қызметкерлері:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа төзбестік танытуға;

2) қасиет (қызметтік) әдеп сақтауға;

2.1) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік, орынсыз мінсіз-құлдық фактілеріне жол бермеуге;

2.2) бағынысты қызметкерлерге қатысты олардың қызметіне ықпал етуге қызметтік жағдайын пайдалануға жол бермеуге және құқыққа қарсы қылықтарды жасауға мажбүрлемеге;

2.3) адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

2.4) өзінің іс-әрекетімен және мінсіз-құлқымен қотам тарапынан айтылатын сынта себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орындайтын сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

2.5) іскерлік әдепті және ресми мінсіз-құлдық қағидаларын сақтауға;

3) қызметтік міндеттерін атқару кезінде құпиялылықты сақтауға, қызметтік және мемлекеттік құпияны қамтамасыз етуге;

4) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылық көрсетпеуге, олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

- 1) мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге, мәншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға;
- 2) ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынасты ері сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге;
- 3) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға;

3.4. тіршілік әрекеті саласы спецификасына байланысты тыңдайтын өзге қарым-қатынастар кезінде «Есіл ауданының Бетринарлық станциясы» ШЖК МКК қызметкерлері:

- 1) салалық заннамада Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы сыбайлас жемқорлық сипаты бар құқық нормаларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (сыбайлас жемқорлық тәуекелдер) жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау мақсатында нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мерзімде нормативтік құқықтық және құқықтық актілер әзірлеуге;
- 3) мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың қолданыстағы салалық заннамады жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын ескеруге;
- 4) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоғамдық кеңестердің қарауына жолдауға;
- 5) халық тарапынан дәнекті сынаға жол бермеу мақсатында нормативтік құқықтық актілерді қарау кезінде жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз етуге;
- 6) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдауға, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы ретінде толығымен халықтың сұранысына бағдар ұстануға міндетті.

3.3. нормативтік құқықтық актілердің жобаларын даярлау кезінде «Есіл ауданының Бетринарлық станциясы» қызметкерлері:

- 5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 6) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, тұрашыл және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға;
- 7) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті де анық мәліметтер беруге міндетті.

- 4) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысанда, тәртіптен және мерзімде кірістер мен мүлік туралы декларацияны табыс етуге;
- 5) Қазақстан халқының бірігі мен елдегі ұлтараық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
- 6) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;
- 7) жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масан күйде болу жағдайларына жол бермеуге міндетті.

4. «Есіл ауданының Ветеринарлық станциясы» ШЖК МКК

кызметкерлері өз функцияналық міндеттерін жүзеге асыру кезінде,

атап айтқанда:

- 1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның бірлесіп отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру кезінде;
- 2) аудан аумағында орналасқан екі және одан көп ауылдық округтерде жануарлардың жұқпалы аурулар пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешім жобасын әзірлеу кезінде;
- 3) осы аудан аумағында орналасқан екі және одан көп ауылдық округтерде пайда болған жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтары жою жөнінде ветеринарлық іс-шаралар кешені жүргізілетіннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешім жобасын әзірлеу кезінде;
- 4) ветеринария саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіптен аумақты аймақтарға бөлу туралы шешім шығару кезінде;
- 5) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде;
- 6) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринарлық-санитариялық сараптаманы лицензиялау үшін құжаттар дайындау кезінде;
- 7) ветеринария саласындағы уәкілетті органның бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринарлық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринарлық іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру кезінде;

9) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды сақтауды, оларды аудандардың (облыстық маньызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру кезінде;

10) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру кезінде;

11) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу кезінде;

12) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру кезінде;

13) ветеринариялық есепке аулу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды ветеринария саласындағы уәкілетті органға ұсыну кезінде;

14) жануарлардың эпизоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, оларды сақтауды және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру кезінде;

15) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың эпизоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету кезінде;

16) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу кезінде;

17) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру кезінде;

18) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру кезінде;

19) профилактикасы мен диагностикасы бұджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың эпизоотиялық ауруларының тізбесін бекіту кезінде;

20) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу кезінде;

21) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету кезінде;

22) облыстың жерлікті өкілі органына берілу үшін жануарларды асырау қағидаларын, итер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, канғыбас итер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу кезінде;

23) мүдделі тұлғаларға жүргізіліп жатқан ветеринарлық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету кезінде;

24) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарапсыздандыру) және қайта өңдеу кезінде;

25) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарапсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу кезінде;

26) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру кезінде;

27) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сактауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сактау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу кезінде;

2) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинауды ұйымдастыру және жинақтау кезінде;

29) жерлікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жерлікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сактауға міндетті.